Өнім беруші: "Қармақшы Жастары" ЖҚБ
БСН/БИН: 050240014431

ШАҒЫМ!

«Шиелі ауданының қоғамдық даму бөлімі КММ-нің мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы ұйымдастырылған №81884284-ГС31 «СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ" мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында өткізілген конкурстың Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығына сәйкес, өлшемшарттарды дұрыс есептемеуіне байланысты комиссия мүшелерінің қорытынды хаттамасымен келіспейміз.

Осы ретте, конкурстық комиссия мүшелері **қағиданың 412-тармағында көзделген критерийлердің салыстырмалы мәнін қолдану** барысында: **Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы** **"Асыл Мұра-Орда" ҚР** ұсынған өнім берушінің «СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ" **бойынша** жұмыс тәжірибесі **2 жыл** ***(2023,2024жж),*** алайда комиссия мүшелері **негізсіз 8 баллмен** бағалаған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 21-қосымша Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысуға әлеуетті өнім берушілер ұсынған өтінімдерді бағалау өлшемшарттары сәйкес сатып алынатын қызметтердің нысанасына, мақсаттарына сәйкес келетін **ұқсас** қызметтерді көрсету нарығында әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесі болған жағдайда **"Асыл Мұра-Орда" ҚР - 5 балл берілуі қажет.**

Сондай-ақ қағиданың 4-тарау 6-параграф 78 тармағына сәйкес, егер конкурстық құжаттамада еңбек ресурстарының болуы жөніндегі талап қамтылған жағдайда, онда еңбек ресурстарының болуы қызметкерлердің біліктілігі туралы құжаттың электрондық көшірмесімен, сондай-ақ қызметкерлердің электрондық цифрлық қолтаңбасы және мамандардың еңбек өтілін растайтын құжаттар Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көзделген **құжаттардың бірі болып табылады** деп көрсетілген. Яғни біз, «Крамақшы жастары» ЖҚБ Жоғары білімді Заңгер мамандығы бойынша Роман Бисеновпен келісім-шарт жасап, өзінің ЭЦҚ арқылы заңды келісімі бар бұл біліктілік бойынша **4 – балл алуға** толық сай келеді. **техникалық ерекшелікте** жобаны жүзеге асыру үшін заңгер маманы болу керек деп талап қойылған. Сондықтан әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі (Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарына ҚР қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы №19 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартына сәйкес, (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамыздағы № 17314 болып тіркелген) бөлігіне бағалауға байланысты жобаны және әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға **«Қармақшы жастары» ЖҚБ – не 4 - балл берілуі қажет.** Осы жерде "Асыл Мұра-Орда" ҚР және "Жалынды жастар" жастар ҚБ – гі біліктілік туралы талапты орындамаған, Құжаттардағы маман ретінде салған адамдары Заң саласына мүлде қатысы жоқ, сол себепті – **0 балл беруді сұраймын.**

Осыған орай, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі **Әкімшілік құқық бұзушылық туралы** Кодексінің 207-бабына сәйкес, шара қолданылсын және тиісті өлшемшарттармен бағалап, қорытынды хаттаманы қайта рәсімделуін талап етеміз. Бағалау әділетті, заңға сәйкес орындалмаған жағдайда, құзырлы органдарға қосымша жүгінетімізді хабарлаймыз.

"Қармақшы Жастары"
ЖҚБ төрағасы: Д.Жиенкужаев
Күні: 14.02.2026 жыл